

Түзету-дамыту жұмыстары

Оқушыларға «Өрмекші жаттығуы», «Ашулы шарлар», «Бұзық телефон» жаттығулары жасалды. Бұл жаттығулар арқылы оқушылар аутоагрессивті немесе агрессивті мінез-құлықты қалай жеңу және өзін қалай ұстауы, мақсатын түсініп, тренингке қызыға қатысты. Тренингке оқушылар белсене қатысып, аутоагрессивті немесе агрессивті мінезқұлыққа апаратын факторлардың алдын-алу туралы өз ойларымен бөлісті.



Тәуекел топты анықтау мақсатында «Далалық зерттеу» жұмыстарын жүргізу. Педагогикалық ұжым мен ата-аналар арасында Л.Калиева мен Н.Халмурагова бала дамуында кездесетін қиындық түрлері және Кибербуллинг жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді пед кеңесте. 11 сынып оқушылардың ҰБТ ге қобалжудың алдын алу бойынша кеңестер берді. Кабинеттік талдау мен далалық зерттеуді қорытындылау мақсатында педкеңесте анықтама берді.

Қазан, қараша айында Девиатты мінез-құлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 9-11 сынып оқушыларымен іс шаралар мен пікірталастар ұйымдастырылды. Педагог-психолог Л.Калиева 7-8 сынып оқушыларымен «Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында психологиялық дебат өткізді.

Сынып жетекшілер және ата-аналар арасында «Буллинг» дегеніміз не? тақырыбында ата-аналармен әңгіме-сұхбат, сауалнамалар кеңестер жүргізілді.



9-11 оқушыларына мамандық таңдауға психологиялық қолдау көрсету іс шарасы, кәсіптік бағдар беру іс шарасына педагог-психолог Л.Калиева «Арттерапия» әдісін жүргізіп, бейнероликтер көрсетті. Аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау мақсатында 8-9 -10-11 сыныптар аралығында тренинг өткізілді.



Жасөспірімнің ызасымен жұмыс істеу кезеңдерінің алдын-алу мақсатында 9«а,б,»сынып оқушыларымен



тренинг өткіздім. Оқушыларға ашу-ызаны болмайтын жағдайларды түсіндіріп өттім. Осыған байланысты «Өзінді таны жаттығуы, сергіту жаттығуы, сұрақ-жауап, бойымызға сенімділікті қайтарайық жаттығуы жасалды. Оқушылар тренингке белсене қатысып, өздерінің позитивті эмоцияларын көрсеттіп өз

ұсыныстарын да білдірді.

Психологиялық қолдау көрсету мақсатында дарынды оқушылармен жұмыс жасадық. Олимпиадаға баруларына байланысты оқушылармен ойын жаттығуларын жүргіздік. «Кедергіден өту», «Кім мықты?» жаттығулары жүргізілді.



Тәуекел топпен түзету-дамыту жымыстарын жүргізіп, тренинг өткіздік. Ақпан айында 11 сынып оқушыларының ҰБТ ға психологиялық дайындығы бойынша педагог-психолог Л.Калиева пән мұғалімдеріне кеңес берді. Жұмыстың қорытындысы бойынша оң нәтиже көрсетті. «Мінез адам айнасы, Досыңды тап, Айнаға қара, Жылдамдық» жаттығулары жасалды. Мектеп ұжымымен жасөспірімдердің алдын алуға «Менің қиыншылықтарым, шам жаттығуы, таңғажайып дорба жаттығуы, ролдік ойындар құрылды».



«Емтиханға дайындық кезіндегі қобалжудың алдын-алу» мақсатында 11 «а,б» сыныптарына өткізілген тренинг сабағында «Бойымыздағы сенімділікті қайтарайық» жаттығуы орындалды. Оқушылар тренингке белсене қатысып, өз пікірлері айтылып, ой-пікірлері тыңдалды, өздерінің позитивті эмоцияларын көрсетті. Алдағы уақытта қобалжымас үшін осындай тренингтің жиі өткізілуіне өз ұсыныстарын да білдіре кетті.

Оқушыларды түрлі жаттығулар жасау арқылы сапалы шешім жасай білуге үйрету мақсатында түсіндірілді. Мамыр айында Мектеп психологтары Л.Калиева мен Н.Халмуратова 11 сынып оқушыларымен стресті жеңуге байланысты бағдарлама негізінде «Мен өмірді сүйемін» тренинг жаттығулары жүргізілді. Оқушылар жаттығуларды жасау және ойнау арқылы кикілжіңнен шығу жолдарын түсініп, көздерін жеткізді. Оқушыларға фигуралар арқылы мінездерін айтып, тренингтен алған әсерлерімен бөлісті. Алдағы уақытта тағыда тренингтің өтілуін сұрады. Ең маңызды тандау бітіруші сынып оқушыларына тренинг сабақ өткізілді.

